

**Сайрам ауданы бойынша оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы**

Түркістан облысы Сайрам аудандық мәслихатының 2025 жылғы 28 қарашадағы № 33-228/VIII шешімі

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы шешім 01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі.**

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 726-бабына сәйкес, Сайрам аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Сайрам ауданы бойынша оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығы мөлшерлемесінің мөлшері есепті салықтық кезеңде салық салу объектісіне 4 %-дан 2 %-ға төмендетілісін.

2. Осы шешім 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сайрам аудандық мәслихатының төрағасы*

*Ш.Халмурадов*